

AQTÓĠAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№24 (7913)

Жұма
9 маусым
2023 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығady

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz



Заманауи үрдістерге жол ашты

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев көтерген «Жаңа Қазақстан» идеясы ауқымды реформалар мен оң өзгерістерге негіз салып, тың мүмкіндіктер мен заманауи үрдістерге жол ашты. Жаңа Қазақстанның жаңару мен жаңғыру жолы ел Президентінің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты кезекті Жолдауында да жан-жақты қамтылып, жарқын болашақ құрудағы жасампаз жоспарларымыз бен кешенді бағдарламалар айқындалды.

Әрине, ел дамуындағы айрықша бетбұрыстар әр салада жаңа, креативті шешімдер қабылдауды қажет етеді. Кез келген реформаны іске асырудың кілті ғылым мен білімде екені сөзсіз. Сондықтан, өркениетке ұмтылған жаңа Қазақстанның кескін-келбетін білімді жастар мен еңбекқор мамандар жасайтыны анық. Бұл орайда, Жолдау мектептен кейінгі білім беру жүйесіне жаңаша талаптар мен жауапты міндеттер жүктеп отырғанын түсінеміз.

«Білім алуға жылдық өсімі 2-3 пайыз болатын жеңілдетілген несие де беріледі. Бұл шаралар жоғары білімнің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, қоғамдағы әріптестік және өзара жауапкершілік қағидатын нығайта түседі», деді Президент. Студенттерге берілетін бұл несие олардың қатарынан қалмай білім алып, маман иесі атануына жасалған тиісті жеңілдік.

«Қуатты ұлттың діңгегі – халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы керек. Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы керек. Тағы да қайталап айтамын. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады». Қасым-Жомарт Кемелұлының бұл сөзі оқытушы, ұстаздар арасында күнделікті басшылыққа алынып, білім алушы жастарға түсіндіріледі. Жолдаудағы Президент тапсырмасына сәйкес келешекте ел тұтқасы болатын жастардың сапалы білім алып, кәсіби маман санатына қосылуына бар күш-жігеріміз бен тәжірибемізді жұмсаймыз.

Н.Қауазов,

Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжі директорының оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары.

Өз алдына дербес, шекарасы шегенделген, егемендігі еншісіне тиген әрбір елдің азаттығын айшықтайтын Мемлекеттік рәміздері болатыны айқын. Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміз өзінің ұлттық құндылықтарына негізделген Әнұраны мен Елтаңбасын және көк Байрағын паш етті. Содан күні бүгінге дейін осынау мерейлі күн – Мемлекеттік рәміздер күні болып бекіп, жыл сайын дәріптеліп келеді.

4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күнін ауданымыз да жоғары дәрежеде атап өтті. Мерекелік іс-шара Ақтоғай ауылындағы «Алаш алаңында» бастау алды. Бірінші кезекте рәміздер – Ту мен Елтаңба және Әнұран

ансамблінің концерттік бағдарламасына берілді. Көмейіне бұлбұл ұя салған кіл күміс көмей әншілер бекзада өнерден шашу шашты.

Мерекелік шара әрмен қарай салауатты өмір салтын насихаттайтын жүгіру марафонымен жалғасты. Марафонға басы болып аудан әкімі Р.Кенжебеков пен аудан



Мәртебесі асқақ Мемлекеттік рәміздер



әкімінің орынбасарлары және ауданымыздың түкпір-түкпірінен келген тұрғындар қатысты. Қатысушылар Тоқырауың, Нарманбет, Ибраев және Ә.Бөкейхан көшелерімен жүгіріп өтті. Марафон қашықтығы – 3 шақырым. Жарыс басталғаннан кейін 15 минут өтер-өтпестен алғашқы қатысушы да сәре сызығына келіп жетті. Осы тұста айта кету керек, аталмыш бөйгеде бірінші және екінші болып келген ағайынды Өмірсерік және Жанғазы Жұмағалиевтер соңғы жылдары ауданымызда өтетін марафон атаулыда бас бөйгені бермей келе жатыр. Бұдан бөлек, биыл Ж.Жұмағали Алматы қаласында өткен марафонда үшінші болып келсе, Өмірсерік Қарағанды

шумақтары жазылған тақта көпшілік алдына шығарылды. Әнұран шырқалып, рәміздерге деген құрмет көрсетілді. Бұдан кейін аудан әкімі Р.Кенжебеков мінберге көтеріліп, барша ақтоғайлықтарды аталмыш мерекемен құттықтады.

– Қадірлі жерлестер! Баршаныңды ел тарихындағы айтулы мерекелердің бірі – Мемлекеттік рәміздер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекеттік рәміздер – әр мемлекеттің тәуелсіздігін білдірумен қатар, тұтастыққа ұйыстыратын, бірлікке үндейтін айшықты белгілер. Біздің тағылымды тарихымыздан сыр

шертер мазмұны терең нышандарымыз кешегі өткенімізді айшықтап, ертеңгі мақсатымызды айқындап тұр. Түптеп келгенде, рәміздердегі нышандар арқылы ұлтымыздың әлем алдындағы бейнесі қалыптасады. Сондықтан, әрбір Қазақстан азаматы үшін Мемлекеттік рәміздер – қастерлі! Ұлттық патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік, туған жерге деген ыстық ықылас – адамның рухани болмысын айқындайтын ұғым.

Құрметті жерлестер, баршаныңды Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтай отырып, әрдайым елтаңбамыз еңселі, туымыз тұғырлы, әнұранымыз айбынды болсын деймін. Әрдайым еліміз тыныш, халқымыз аман, рәміздеріміздің мәртебесі биік болсын! – деді Р.Айткәңұлы.

Өңір басшысының лебінен кейін кезек есімі тәмам облыс жұртшылығына танымал «Тоқырауын толқыны»



қаласында өткен марафонда 3 мыңға жетекабыл адамның арасынан 19-шы болып келген. Бұл – аудан спортының дәрежесі мен жетістігі.

Сонымен, үлкені мен кішісі үдере жарысқан марафонда кіл жүйріктер анықталды. Женімпаздарға аудандық деңгейіне шынықтыру және спорт бөлімі әзірлеген мадақтамалар мен арнайы сыйлықтар тарту етілді.

Мемлекеттік рәміздер күнінің құрметіне арналған іс-шара «Тұғырың биіктесін, көк Туым!» атты еріктілер ұранымен ұласты. Р.Айткәңұлы мен аудан әкімінің орынбасарлары және бір қауым мемлекеттік қызметшілер мен тұрғындар Шатырша тауына көтеріліп, байрағымызды биікте желбіретті.

Е.АЙТЖАН.



4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күні. Тәуелсіздігіміз бен дербестігімізді танытатын еліміздің рәміздері – көк Байрағымыз, Елтаңба, Әнұран. Мемлекеттік рәміздер шахматшыларымыз дүбірлі додаларда топ жарып, ел абыройын асқақтатып жүргені соның жарқын бір дәлелі. Мерекеге орай ұйымдастырылған тор тақта тартысына кент жастары қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша жүлделі I орынға Алтаев Әділет, II орынға Кузиева Алина, III орынға Ахметова Дарина ие болып, мадақтама қағаздарымен марапатталды. Тәуелсіздіктің тұмарына айналған

Тор тақтадағы тартыс

– мемлекетіміздің өткені, бүгінгі мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі, халқымыздың рухың, ұлттық салт-санасың, қаһармандығы мен даналығың, болашаққа үмітің, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер.

Атаулы мерекеге орай маусым айының 3-інші жұлдызында Сарышаған кенті клуб үйінде жасөспірімдер арасында шахматтан жарыс болып өтті. Шахмат – адамның ақыл-ойын және қарым-қабілетін ұштауға мүмкіндік беретін бірегей спорт түрі. Аса бір есептілікті, тапқырлық пен ұтқырлықты, терең ойды қажет ететін патшалар ойыны деп үлкен мәртебеге ие болған шахматты жас ұрпақ арасында дамытуға елімізде ерекше көңіл бөлініп келеді. Елімізде азаматтардың, әсіресе, жастардың шахматпен айналысуына барлық жағдай жасалған. Ел көлемінде көптеген үйірмелердің ашылып,



рәміздерді қадірлеп, құрметтеу – бүгінгі және ертенгі ұрпақтың парызы. Тәуелсіз мемлекетіміздің көк байрағы биіктен желбіреп, мәртебесі асқақтай берсін!

А.Жолдыбай,
ҚарУ-дің студенті.

Рухани жаңғыру

Рекордтар кітабында – құрақ көрпе

Астанада ұзындығы 500 метрлік құрақ көрпе тігіліп, Гиннес рекордтар кітабына енді. Ту түстес колөнер туындысын 250 шебер жасап шыққан. Олар көрпені бір түсте, бір техникамен тіккен. Бұл «Аламан құрақ» жобасы мемлекеттік рәміздер күніне орай ұйымдастырылыпты.

Ерекше күні өткен ерекше жобаға еліміздің әр аймағынан колөнер шеберлері жиналған. Олар қазақ колөнерінің тарихын насихаттап, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге атсалысты. Сондай-ақ, бұл күні колөнер шеберлерінің жәрмеңкесі мен «Мода фэшн» ұлттық киімдер дефилесі де өтті. Мақсат – қазақ колөнерінің тарихын насихаттап, ұлттық құндылықтарды келешек ұрпаққа жеткізу.

Елорда төріндегі ұлттық нақыштарымыз бен салт-дәстүрімізді дәріптеген жобаға Ақтоғай ауданы, Нұркен ауылының (Орта-Ақсай қыстағының тұрғыны) колөнер шебері Ишбаева



Гүлжанат Жанатқызы қатысып, құрақ көрпені насихаттауға өз үлесін қосты. 5 маусым күні Астанадан оралған жоба қатысушысын аудандық Аналар кеңесі «Домбыра» монументі жанында қарсы алып, сый-сияпат көрсетті. Бас қаламыздағы бірегей бастамаға аудан атынан барған Гүлжанаттың жарқын жетістігімен құттықтап, еңбегіне жеміс тіледі.

– Құрақ көрпе – қазақ халқының ұлттық құндылығы және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан салт-дәстүр. Соның ішінде қазақ халқының бүкіл тыныс-тіршілігін танытатын, байлық пен молшылық, берекенің символы қошқармүйіз оюы құрақ көрпеге арнайы тандап алынған. Бұл жобаның мақсаты – қазақтың құрағын әлемге паш ету. Жаһанға «қазақтың құрағы керек» деген ұғымды енгізу және халқымыздың ауызбіршілігін көрсету, – деді колөнер шебері Ишбаева Гүлжанат.

Думан ҚАБЫЛ.

Рухани жаңғыру

Туған жерге туың тік

Талай тағдырды бастан кешіп, сан ғасырды «мың өліп, мың тіріліп» өткерген қазақ өзінің өмірлік тәжірибесіне иек арта отырып, соңына құны бір қараға татитын тәмсілдерді мирас қылып тастап кетті. Бар жан-тәнімен ұғына білген жан үшін сол мақал мен мәтел – өмірлік азық.

Сонда қазақем бір сөзінде «Туған жердің түтіні де тәтті» дейді. Шынымен де, кімнің де болсын кіндік қаны қай өлкеге тамып, қай жерде бақытқа толы балалық шағы өтіп, тұлымы желпілдеп, құрбы-құрдастарымен құлын-тайдай тебісіп өскен өңірі әрқашанда ыстық. Есім-сойы иісі қазаққа мәлім қуатты қаламгер, журналист Ш.Мұртаза бір сұхбатында өзінің жұмыс сапарымен талай мәрте шекара асып, шет елдерде болғанын, алайда ешқайсысы да түсіне кірмей тек өзінің туған ауылы түсіне кіргенін айтады. «Әркімнің туған жері – Мысыр шәрі» деген сөз осыдан айтылған болуы керек.

Осыдан біраз жылдар бұрын ел көлемінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы жүзеге асып бірқатар ілкімді істер атқарылды.

өтті. Екі күнге ұласқан мерейлі шарада ауыз толтырып айтарлықтай істер атқарылды. Біріншіде өмір дейтін мұнараның әуелгі баспалдағы саналатын, алғаш қолға қалам алып, әліпті әріп деп таныған білім ұясына бас сұққан әр жылдағы түлектер өздерінің қасиетті қарашаңыраққа тәу етті. Талайдан бір-бірін көрмеген ауыл азаматтары бір ортада тоқайласып, бұрынғы балалық қылықтарын сөз етісіп, арқа-жарқа болды. Мұнан кейін білім нәріне қандырған мектептеріне арнайы дайындалған сый-сияпаттарын тарту етті. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын». Атап айтар болсақ, ұстаздар ұжымына ірілі-ұсақты тартулар, мектепке музыкалық аппарат, жүгіртпелі экран сыйланды. Бұдан бөлек, ауылдағы клуб үйіне түрлі-түсті би шамдары және отбасылық емханаға кеңселік техника тарту етілсе, ауыл әкімдігінің еншісіне сегіз қанат киіз үй, сонымен қатар, ауылдағы мешітке жылы еден жүйесі сыйланды. Және нардың жүгін арқалаған түлектер ауыл ішіндегі аллеяның ашылуына атсалысты. Алғашқы сәтте осындай салтанатты



Аталмыш бағдарламаның «Туған жер» тармақшасының негізінде талай-талай ауылдың бойына қан жүгірді. Сол уақытта қалыптасқан үрдістің күні бүгінге дейін жүлгесі үзілместен жалғасып келе жатыр. Ол қандай дағды деп отырған боларсыз. Кейінгі жылдары басқа өңірді қайдам, біздің аудан көлемінде мектеп тәмамдағандарына 5, 10 және 20 жыл болған түлектер ұжымдасып, ауыл азаматтарымен ақылдасып, әрқайсысы шама-шарқынша ауылдың тынысын ашатын түрлі шаралар ұйымдастырады. Соның нәтижесінде ауданымыздағы ауылдарда түрлі саябақтар бой көтеріп, мектеп сыныптары заман талабына сай жаңғырып, тұрғындар иілігіне қызмет қылып жатыр.

Жуырда ғана өткен үлкен іс-шара жоғарыдағы сөзіміздің жанды дәлелі болсын. Осыдан бірер апта бұрын Құсақ ауылдық округі Шұбартау ауылында мектеп бітіргендеріне 40, 30, 20 және 10 жыл болған Қошқар орта мектебінің құрметіне маусымның 2-3 жұлдызы «Түлектер күні» деп белгіленіп, жоғары дәрежеде аталып

шарамен бастау алған «Түлектер күні» әрі қарай спорттық сайыстармен өрбіді. Шағын футбол, тоспа доп және ұзындығы 3,2 шақырым болатын қашықтыққа жүгіруден ауыл азаматтарының арасында жарыс өтті. Екі күндік мерейлі шараның соңы ұлттық ат спорты сайысымен түйінделді. Тай, құнан және аламан бәйгесі болып өтті. Барлық спорттық жарыста жеңіске қол жеткізген қатысушылардың барлығына қомақты ақшалай сыйлықтар берілді.

Осындай бірталай ауқымды шара ұйымдастырып, аядай ауылды думанға бөлеп кеткен түлектерге Құсақ ауылдық округінің әкімі өз лебізін білдірді:

– «Ауылдан адам көшкенмен, адамнан ауыл көшпейді» деген ұстанымды басшылыққа алып, «Түлектер күні» өткізуге белсене атсалысқан барша ауыл тұрғындарына және осы бастаманы көтеріп, идея бастаған 1966, 1976, 1986 және 2001 жылғы ауыл азаматтарына зор алғысымызды білдіргіміз келеді, – деді Д.Мұқатай.

Е.Мұстафин.



Жаз маусымының алғашқы күні, балғын бүлдіршіндеріміз үшін ең қуанышты мереке 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні Ақтоғай ауданы орталығында кең көлемде аталып өтті.

Бұл мейрамның негізгі мақсаты – қоғамның назарын балаларға аудару. Балаларды қорғау күні әртүрлі мерекелік шаралар ұйымдастырылады. Бұл атаулы мейрамды атап өту жөніндегі шешім 1949 жылдың қараша айында Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясының арнайы сессиясында қабылданған.



Ресми деректерге сүйенсек, алғашқы Халықаралық балаларды қорғау күні 1950 жылы өткізіліпті. БҰҰ аталған бастаманы дер кезінде қолдап, балалардың өмірін, құқығын, денсаулығын қорғауды өз қызметінің басты бағыттарының біріне айналдырды. Халықаралық балалар күні мерекесінің туы да бар. Осылайша, Балаларды қорғау күні мереке ғана емес, сонымен қатар, болашаққа бағдар жасайтын маңызды шараның бірі. Адамзаттың алдында тұрған зор міндет – болашақ ұрпақтың бақытты өмірін қалыптастыру. Осы орайда Балалар күні аясында аудандық білім бөлімі Ж.Шайдаров атындағы орталық саябақта «Балалар – болашақтың тірегі» атты мерекелік шара ұйымдастырды.

Мерекелік шарада сөз алған аудан басшысы Руслан Қәжібеков: – Келешек ұрпақтарды тәрбиелеу, балалардың болашағы Ел басшысы Қасым-Жомарт

Балалар – болашақтың тірегі

Тоқаевтың дәстүрлі Жолдауларында орын алып, әрқашан көтеріліп келеді. Президент өз сөзінде: «Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі, олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі» деген болатын. «Бар жақсылық – балаларға» дегендей, аймақтағы жасөспірімдерді рухани тұрғыда қолдау әрдайым назарда, – деп, баланың қуанғанынан артық әлемде бақыт жоқ екендігін жеткізді.

Аудан басшысы 2 балаға Ақтоғай ауданы әкімдігі атынан жазғы сауықтыру лагеріне жолдама ұсынды.

Мұнан соң аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәкітай Сыздықов бүлдіршіндерді төл мерекелерімен

құттықтап, Ұлы Жеңістің 78 жылдығына арналған «Ерлікке тағзым-Поклонение героизму» атты эсселер мен өлеңдер байқауына қатысқан оқушыларды облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасының дипломымен марапаттады.

Саябақ алаңында өткізілген «Батпырауық ұшыру», «Асфальтта сурет салу», «Дартс», «Фотозона», «Сабынды көпіршіктер» сайыстары балбөбектерге көңілді кеш сыйлады. Сонымен бірге оқушылар арасында шахмат, дойбы, домино сынды үстел ойындарынан жарыс өтті. Өнерлі өрендердің шырқаған «Бір үйдің баласындай», «Қазақстаным – Отаным» сынды әуезді әндері кеш ажарын ашса, «Аққыз» бөбекжайының флешмоб билері көрермен көзайымына айналды.

Сондай-ақ, бұл күні «Толағай» отбасылық сайысы, буккроссинг ұйымдастырылып, аудандық Өнер мектебі, Қосымша білім беру орталығы, К.Байсейітова, Ә.Бөкейхан атындағы орта мектептері, аудандық мұражай мерекеге арнайы келген қонақтар мен аудан тұрғындарына оқушылардың жасаған қолөнер бұйымдары мен тарихи

жәдігерлерден көрме ұсынды.

Іс-шараны қорытындылаған ауданның білім бөлімінің басшысы А.Қуанышбаев Халықаралық балалар күні мерекесіне орай ұйымдастырылған түрлі сайыстардың нәтижесі бойынша жеңіске жеткен жеңімпаздарды марапаттады. Сонымен қатар, «Ұрпақтар сабақтастығы» облыстық фестиваліне белсене қатысқан ұстаздар мен ата-аналарға Қарағанды облыстық білім басқармасының Алғыс хатын және өскелең ұрпақтың тұлға болып қалыптасуына қосқан үлесі мен қоғамдық-мәдени іс-шараларға белсенді атсалысқаны үшін бір топ ата-аналарға аудандық білім бөлімі басшысының Алғыс



хатын табыстады. Бұл күні аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің ұйымдастыруымен саябақ алаңына келген бөбектерге тәттілер мен балмұздақтар тегін таратылды.

Балғындардың кіршіксіз көңілдеріне қуаныш сыйлаған шараның жалғасы аудандық Өнер мектебі өнерпаздарының қорытынды концерттік бағдарламасына ұласты.

Өз тілшімізден.

Құқық заңнамасы

«Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметін көрсету

Өңірімізде «Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметін («Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті» РММ-і көрсетеді.

«Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет Ережесіне сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде болып табылады.

Өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы (мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – қағаз түрінде);

2) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы арқылы (мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) жүзеге асырылады. Ішінара автоматтандырылған деуіміздің себебі, көрсетілетін қызметті алушы электрондық нысанда ұсынған ресми құжаттың түпнұсқасын тексергеннен кейін қызмет көрсетуші көрсетілетін қызметті алушы тағайындалған уақытта ресми құжаттың түпнұсқасын ұсынғаннан кейін ғана құжатқа апостиль қояды.

Аталған мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға да, заңды тұлғаларға да ақы-

лы көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін мемлекеттік баж «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 615-бабының 7) тармақшасына сәйкес әрбір апостиль қойылатын құжат үшін 0,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде алынады (АЕК : 2 = 3450 : 2 = 1725 теңге).

Мемлекеттік баж екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы мынадай деректемелер бойынша төленеді:

Бенефициар – «Қарағанды қ. Қазыбек би ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ

БСН – 950740000498

ЖСК – KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті

БИК – KKMFKZ2A

Салық органының коды – 302001

ТТК – 911

КБК – 108125

Мемлекеттік корпорация арқылы жүтінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізімі:

1) «Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет Ережесінің 1-қосым-

шасына сәйкес өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

3) апостиль қою үшін ұсынылатын сот органдарынан шығатын ресми құжат;

4) көрсетілетін қызметті алушының мүдделерін үшінші тұлға білдірген жағдайда, нотариалды куәландырылған сенімхат (салыстыру үшін);

5) көрсетілетін қызметті алушының тегінің, атының, әкесінің атының (бар болса) өзгергенін растайтын құжаттың көшірмесі (егер ауысым Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылдан кейін тіркелген болса, құжаттың көшірмесі ұсынылмайды);

6) мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда).

Портал арқылы жүтінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі:

1) Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық өтініш;

2) апостиль қою үшін ұсынылған құжаттардың электрондық көшірмесі (сканерленген көшірмесі);

3) мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (сканерленген көшірмесі, ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда);

4) көрсетілетін қызметті алушының тегінің, атының, әкесінің атының (бар болса) ауысқанын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (сканерленген көшірмесі, егер ауысым Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылдан кейін тіркелген болса, құжаттың көшірмесі ұсынылмайды).

Егер азаматтық хал актілерін тіркеу 2008 жылдан кейін Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген болса, жеке басты куәландыратын, тегінің, атының, әкесінің атының ауысқанын растайтын құжаттар туралы, сондай-ақ бюджетке мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорацияның қызметкері «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Бұл үшін көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.



С.Қалиасқаров, Ақтоғай аудандық соты әкімшісінің басшысы.

«Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы»



С.Дубәкұров,
ауданның кәсіпкерлік және өнеркәсіп
бөлімінің басшысы.

мерзімімен (1661 кг) салыстырғанда 63,5% ;

– Тау-кен өндірісіндегі «Балқаш тау-кен» кәсіпорыны бойынша 160,7 млн. теңгенің өнімі өндірілді, 2022 жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда (236,2 млн. теңге) 68% . Заттай түрде өндіретін доломит көлемі – 143,5 мың тонна немесе өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда (182,7 мың тонна) 78,5% ;

– «Балқашбалық» кәсіпорыны бойынша 75 млн. теңгенің өнімі өндірілді, 2022 жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда (74,4 млн. теңге) 100,8% , заттай түрде өндірілген балық – 397 тонна, 2022 жылдың сәйкес мерзімімен

«Бизнесі тікелей қолдаудан кетіп, кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі, тиімділігі мен өнімділігінде сапалы өзгерістерді ынталандыруға ауысу керек. Тек осылай ғана біз өңірде және өзіміздің ішкі нарықта бәсекеге қабілетті бола аламыз».

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаев.

– ауыл шаруашылығы – 51 млн. теңге «Global Beef Products» ЖШС асыл тұқымды мал сатып алуға – 37,5 млн. теңге, «Алнұр» ш/қ 12,6 млн. теңгеге 1 техника сатып алған, «Төлеутай» ш/қ 3 бас мал алған 0,9 млн. теңге.

2026 жылы «Qaz Geo Resources» ЖШС Доре қорытпасын өндіру бойынша гидрометаллургиялық кешен құрылысы, жалпы құны 468,0 млн. теңгенің жобасы іске қосылып, 112 адам жұмыспен қамтылады деп күтілуде. 72 га

Кемел келешек – кәсіпкерлікте

Көсегені көгертетін – кәсіп. «Қимылдаған қыр асады» дейді халық даналығы. Қазіргідей нарық қыспаққа алған заманда артық қаржы көзі болмаса да қиын. Осыны ескергендер кәсіптің түр-түрін игеріп, жағдайларын түзеп жатқан жайлары бар. Кәсіпті игерсең, қаржылық жағынан тәуелділік азаяды. Бұдан бөлек, мемлекет те кәсіпкерлерге ерекше көңіл бөлуде. Бағдарламалар кәсіпкерлердің жұмысын жеңілдетіп, дамуына мүмкіндік береді. Тек талмай еңбек етсең болғаны. Кәсіпкерлік және өнеркәсіп саласын дамыту мақсатында Ақтоғай ауданында да ілкімді жұмыстар атқарылып келеді. Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қолға алынған бастамалар ауыз толтырып айтарлық. 2023 жылдың жартыжылдығындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының көрсеткіштеріне тоқталсақ.

Аудан бойынша өнеркәсіп өнімінің көлемі – 46020,8 млн. теңге, өткен жылдың сәйкес мерзімімен (61701,5 млн. теңге) салыстырғанда 74,6% . Нақты көлем индексі – 48,6% .

Өнеркәсіп өндірісінің негізгі көрсеткіштерін аудан бойынша 5 орта және шағын деңгейдегі кәсіпорындар: «Алтыналмас АҚ» АҚ кәсіпорыны, тау-кен өндірісіндегі «Балқаш тау-кен» кәсіпорыны, «Балқашбалық» кәсіпорыны, «Алтыналмас Technology» ЖШС және тоқпен жабдықтаудағы Сарышаған тоқпен жабдықтау дистанциясы құрайды. Есепті мерзімде аталған 5 кәсіпорынның өндіретін өнімі – 28647,6 млн. теңге, жалпы өнеркәсіп өндірісі өнімінің 62,2% -ы. Оның ішінде:

– «Алтыналмас АҚ» АҚ-ы қолданыстағы бағамен 13257 млн. теңгенің өнімі өндірілді, 2022 жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда (21290 млн. теңге) 62,3% орындалды. Заттай түрде өндірілген алтын көлемі – 1054 кг немесе өткен жылдың сәйкес

салыстырғанда (394 тонна) 100,7% ;

– Тоқпен жабдықтаудағы Сарышаған тоқпен жабдықтау дистанциясы бойынша 4,9 млн. теңгенің қызметі көрсетілді, өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда (4,9 млн. теңге) 100% ;

– «Алтыналмас Technology» ЖШС бойынша 15150 млн. теңгенің өнімі өндіріледі, заттай түрде өндірілетін құрамында алтыны бар рудалар көлемі – 705 мың тонна, құрамында алтыны бар концентраттар 16 мың тоннаға орындалады.

Басқадай шағын кәсіпорындардан өндірілген жалпы өнім көлемі – 17373,2 млн. теңге немесе 2022 жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 84,1% (20647,4 млн. теңге) құрады. Олар «Тасарал Тұз» ЖШС – 630,2 млн. теңге, «Балқаш» ЖШС – 705,9 млн. теңге және наубайханалар – 2,2 млн. теңге.

Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі – 7591,5 млн. теңге, 2022 жылдың сәйкес мерзімімен (2443,5 млн. теңге) салыстырғанда 310,7% . Нақты көлем индексі – 299,6% .

– «Алтыналмас АҚ» АҚ-ның 1126 млн. теңге (машиналарды, жабдықтарды және көлік құралдарын сатып алуға кеткен шығындары);

– «Балқаш Сарышаған» ЖШС 57,1 млн. теңге (пайдалы қазбалар қорларын барлауға және бағалау шығындары);

– «Қазавтожол» Ұлттық компаниясы 2728,7 млн. теңге (құрылыс-монтаждау жұмыстарына кеткен шығындары, Балқаш-Сарышаған бағытында 139 км, Балқаш-Ақсу-Аюлы (Бектауата) бағытында 40 км жөнделуде);

– «Қазақстан теміржолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы – «Ірі жобаларды іске асыру жөніндегі дирекция» филиалы 3628,7 млн. теңге (Достық-Мойынты бағытындағы екінші линияның құрылыс-монтаждау жұмыстарына кеткен шығындары);

Аудан бойынша 1 мамырға 2023 жылға тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 1851.

Осы тіркелген субъектілердің ішіндегі жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 1817.

Жұмыспен қамтылған адам саны – 2267. Бұл аудандағы экономикалық белсенді халықтың 31,0% -ын құрап отыр.

Бағаны тұрақтандыру мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Базардағы, дүкендегі азық-түлік бағаларына күнделікті мониторинг жүргізілуде. Нарықтың 91 субъектісімен бағаны тұрақтандыру мақсатында ауылдық округ әкімдері, кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі, жеке кәсіпкер болып үшжақты Меморандумдар жасалды.

Жалпы, аудандағы ірі елді мекендерде тұрақты түрде өткізіліп жүрген жәрмеңкелерге ауданымыздың көптеген шаруа қожалықтары өз үлестерін қосып, нарықтағы бағадан 10-15 пайыз төмендетілген бағада сапалы ауылшаруашылық өнімдерін ұсынуда.

Облыстық тұрақтандыру қорынан ауданға арзан бағада 41 тонна ұн, 1,6 тонна сұйық май, 100 кг қарақұмыққа өтінім беріліп, алынды.

Ауданда алдағы жылдары жалпы құны 47,2 миллиард теңге болатын өнеркәсіп саласында 5 жобаны жүзеге асыру көзделуде. Сөйтіп, 1100-ден астам жұмыс орны ашылады деп жоспарланып отыр.

Олар 2024 жылы «Balqash Resources» ЖШС «Қаратас 2» кен орны темір және түсті металл өңдеу өндірістік кен байыту комплексінің құрылысы жобасы жалпы құны 4,3 млрд. теңгенің жобасы, 303 адам жұмыспен қамтылады. 166 га жер теліміне сұраныс жасалған. Құжаттар рәсімделуде. Орналасқан жері: ауданның жер қорынан (Сарышаған кентімен Гүлшат ауылының ортасы).

жер теліміне сұраныс жасалған. Орналасқан жері: Балқаш қаласының солтүстік бағытында 70 шақырым. Құжаттар рәсімделуде.

2026 жылы «Capital Tau Investment» ЖШС Ақтоғай ауданында тау-кен байыту комбинатын (ТБК) салу жобасы жалпы құны 17,0 млрд. теңгенің жобасы іске қосылып, 350 адам жұмыспен қамтылады деп жоспарланып отыр. Нұркен ауылдық округі Жалаңтөс маңынан 100 га жер телімдерін алуға құжаттар рәсімделуде.

2027 жылы «Saryarka Gold» ЖШС Ақтоғай ауданындағы «Қаратас I» және «Қаратас IV» кен орындары базасында мыс штейн және молибден өнеркәсіптік өнімін өндіру бойынша байыту-өнеркәсіптік кешенін салу жобасы, жалпы құны – 3,8 млрд. теңге, 150 адам жұмыспен қамтылады. 79 га жер теліміне сұраныс жасалған. Құжаттар рәсімделуде. Орналасқан жері: ауданның жер қорынан (Сарышаған кентімен Гүлшат ауылының ортасы).

2027 жылы Жеке компания «BMT Holding Limited!» «Тесіктас кен орнында мыс кенін өндіру және құрамында мыс бар өнімдерді өндіру» жобасы, жалпы құны – 21,6 млрд. теңге, 215 адам жұмыспен қамтылады.

Аталған жобаларды Кәсіпкерлікті қолдау картасына енгізу үшін тиісті жұмыстар жүргізіледі.

Ауданда 14 жер қойнауын пайдаланушылар болса, өндіріс өндіріп жатқан 3 кәсіпорын «Алтыналмас АҚ» АҚ, «Ақтоғай МЫС», «Copper KZ-CA». Барлау жұмыстарымен 11 кәсіпорын: «BAR NEO», «ULMUS BESSHOKY», «Балқаш-Сарышаған», «ГРК Керегетас», «СП Батыстау», «Балхашская геологическая артель», «Бирюк Алтын», «Saryarka Gold», «Balqash Resources», «Qaz Geo Resources», «Capital Tau Investment» ЖШС-тері жұмыс жасауда.



Дешті Қыпшақтың дара перзенті – БЕЙБАРЫС СҰЛТАН

Биыл тарихта үлкен жетістіктері үшін аты қалған әміршілердің бірі әрі бірегейі, қыпшақтан шыққан мәмлүк сұлтаны аз-Заһир Бейбарыс әл-Бундуқдаридің туғанына 800 жыл толды. Ол – барша мұсылман жұртына ортақ тұлғалардың бірі, Мысырдың, күллі Ислам жұртының дамуына өзіндік үлес қосқан сұлтан.

Бейбарыс Жамақұлы (1223-1277 ж.ж.) – түркі әулеті Бахриден шыққан мәмлүктердің Египетті билеген төртінші сұлтаны. Оның шыққан тегі – қыпшақ. Кейбір тарихи деректерде Бейбарыстың руы Беріш деп аталады. Соңғы зерттеулер бойынша Бейбарыстың қыпшақ тайпасының Беріш руынан шыққан атақты әулеттің тұқымы екендігі анықталған.

Жазба деректерге көз салсақ, жетім қалған жас бала өзге де тұтқындармен бірге Мысырдың сол кездегі курд текті сұлтаны Салих Наджм ад-Динге сатылған. Сосын одан әмір Алауддин Айдекин әл-Бундуқдари сатып алады. Бейбарыс жаңа қожайынының лақабымен Бейбарыс әл-Бундуқдари деп аталады. Көп ұзамай Бейбарыс бұл әмірдің барлық дүние-мүлкін, құлдары мен күндерін тәркілеген патша Нәжмуддин Аййубтың қол-астына өтеді. Мұнда ол әмір Ақтайдың басқаруындағы бахри мәмлүктер жауынгерлерінің қатарына қосылады. Уақыт өте Бейбарыс әскерлер арасындағы жауынгерлік шеберлігімен ерекше көзге түседі. Әсіресе, әл-Мансурадағы крестшілермен шайқаста Бейбарыс бастаған мәмлүктер жасағы дұшпанды тас-талқан етіп жеңіп, Франция патшасы IX Луисті тұтқынға алады. Сонымен бірге әмір Ақтаймен



Кейін Бейбарыс Құттыздан кейінгі Мысырдың сұлтаны атанады. Оған «әл-Мәлик аз-Заһир» – «Жеңімпаз патша» деген лақап ат беріледі. Билік басына келген жаңа әміршінің алдында елді дамытып, өркендету міндеті тұрды. Шынында да, оның тұсында Мысырда тұрақтылық орнап, ел шаруашылығы

Бейбарыстың жетістіктерінің ең маңыздысы – ислам мемлекетінің көзін жоюға тырысқан крестшілер мен моңғолдарға қарсы жасаған іс-шаралары. Елдің ішкі тұрақтылығы мен тыныштығын толық қамтамасыз еткен соң сыртқы қауіпсіздігі үшін үлкен әскер жасақтап, крестшілердің әмірліктеріне қарсы жорықтар жасады. Сол арқылы олардың қол-астындағы мұсылман аймақтарының біразын қайтарып алды. Ал, моңғол шапқыншыларына қарсы Алтын Орда ханы Берке ханмен одақтас болды.

Бейбарыс сұлтан ислам жауларына қарсы қуатты әскер, теңіз флотын құрып, қару-жарақпен жабдықтады. Осылайша крест жорықшылары мен моңғол шапқыншыларына қарсы шайқастарда талай жеңістерге жетті. Крестшілермен ұрыстарда Қайсария, Арсуф, Сафад, Яфа және басқа да

сұлтан аса көреген саясат ұстанды. Мұсылман мемлекетінің тұғырын нықтап, өркендеуі үшін көп еңбек сіңірді. Бейбарыстың дәуірінде Мысыр гүлденген елге айналды. Ішкі саясатта ішкі көтерілістер мен бүліктерді басу арқылы елдің іргесін мықтап бекітті. Заң саласында сұлтан Бейбарыс бұрын-соңды болмаған өзгеріс енгізді. Мысыр мен Димашықта көптеген медреселер салдырды. Бейбарыс салдырған жәдігерлер әлі күнге дейін Каир қаласының сәнін келтіріп тұр. Бейбарыс медреселер салуға көп күш жұмсайды, каналдар мен бөгеттерді жөндетеді. Ніл өзенінің суын есептейтін үлкен құрылғы салдырады. Каир қаласында ол салдырған мешіттердің бірі қазір де «Бейбарыс мешіті» деп аталады.

Бейбарыс ойлы да кемеңгер мемлекет қайраткері, батыр да жігерлі қолбасшы болған. Әуелі ол елдің әл-ауқатын көтерді. Мұсылман текті халықтардың ежелгі жауы – крест тағушыларды талқандап, моңғолдарды Мысырға қарай қадам бастырмаған.

Бейбарыс заманында өмір сүрген тарихшы Вильгельм Тайпольский де оған: «Бейбарыс – жауынгерлігі жағынан Гай Юлий Цезарьмен терезесі тең тұратын қаһарман» деген баға берген.

Сұлтан Бейбарыс хижри 676 жылы мұхаррам айының 28-күні, миләди 1277 жылдың 2 мамыры күні қайтыс болды. Ол билік басында 17 жылдай болды. Ол қайтыс болған соң орнына ұлы Насируддин отырды. Алайда, Бейбарыстың балалары билікті ұзақ уақыт ұстап тұра алмады.

Тектілігін танытып, қажымас қайраттың, мұқалмас жігердің үлгісін көрсеткен мәмлүк қыпшақтардың рухы тек арада жеті ғасыр өткенде ғана Бейбарыс есімі арқылы атамекеніне оралды.

Қазір өзінің кіндік қаны тамған жерінде – Жайық өзенінің жағасындағы Атырау қаласында биік тұғырға орныққан Бейбарыстың ескерткішке айналған алып тұлғасы тәуелсіз елдің

айбарындай асқақ.

Қорытындылай келе, өз заманынан озып туған, ерекше тұлға — Бейбарыс сұлтанның даңқы асып бүгінгі күнге жетті. Батыр бейнесі, іс-әрекеті ұрпағына үлгі болып қалды. Тек үлгі болып қана қоймай, Отан, туған жер, ұлттық ар-намыс, парыз туралы ойлануына



4 маусым күні Мысырда (Каир қаласында) «аз-Заһир Бейбарыс» мешіті салтанатты түрде ашылды. Мешітті сонау 1266 жылы Бейбарыс сұлтанның өзі салдырған.

бірігіп ел ішіндегі бүліктерді басуда үлкен еңбек сіңіреді.

Бейбарыс Шам шаһарларының бірінен біріне өтіп, көшіп-қонып жүреді. Мысырдағы сұлтан тағына Сейфуддин Құттыз отырған соң Бейбарысқа бас амандығын беріп, оны ел билігіне араласуға шақырады. Сөйтіп Бейбарыс Каир шаһарына қайта оралады. Расында да, Бейбарыс соғыс өнерін өте жетік меңгерген қолбасшы еді. Ол көптеген әскери жорықтарда жеңіске жетіп, шынайы шеберлігін дәлелдеп шығады. Солардың ең үлкені 1260 жылы моңғол басқыншыларымен болған Айн Жалұт шайқасы. Осы жеңістен кейін Бейбарыстың әскер арасындағы, жалпы жұртшылық арасындағы беделі, атақ-даңқы арта түседі.

алға басып, өркендей түседі.

Осындай елге деген жанашырлығына қарамастан Бейбарыс сыртқы жауларға аса қатал болатын. Сонымен бірге ішкі жауларды, олардың бүліктері мен көтерілістеріне қарсы аяусыз күресті. Сол бүліктердің ішіндегі ең үлкені Димашықтағы Аламуддин Санжар әл-Халаби бастаған көтеріліс болатын.

Бейбарыс сұлтанның дәуірі жетістіктерге толы. Ол мәмлүк мемлекетінің негізін қалап, моңғолдар қиратқан Бағдадтағы аббасидтер халифатын қайта қалпына келтіруге тырысты. Сондай-ақ, сұлтан Бейбарыс біраз аймақтарды бағындырып, Хиджаз аймағына дейін жетті. Өзінің дұшпандарын, мәмлүк мемлекетінің дұшпандарын ойсырата жеңді.



Сұлтан Бейбарыс билік құрған кезеңдегі монеталар

қамал-қалаларын бірінен соң бірін алып, ақырында ірі шаһар Антакияны мұсылмандарға қайтарды.

Ал, моңғолдарға қарсы жорықтарында әл-Бира, Херран шайқастарында дұшпандарын ойсырата жеңді. Мұсылман аймақтарын бірте-бірте моңғол басқыншыларынан азат ете бастады. Ақыры хижра жыл санауы бойынша 675 жылы Абластин елдімекенінің жанында моңғол әскерін күйрете жеңіп, шешуші жеңіске қол жеткізді.

Елдің ішкі саясатында Бейбарыс

себеп болды. Сонымен қатар, әлемге қазақ халқын танытқан тарихи құндылығымызға – Ұлы дала елінің барысына айналды.

Дүниені дүбірлеткен Бейбарыс бабамыз бүгінгі ұрпақ үшін қашан да мақтаныш. Сондықтан да, оның ерлік тарихын жаңғыртып отыру, кейінгі ұрпаққа жеткізу – өз тарихын, Отанын, ата-бабасын сыйлаған жас буынның қастерлі міндеті.

Tolqyn.kz сайтынан алынды.

Қазақстан-2050: денсаулық стандарты

«Денсаулық кілті – дене шынықтыру. Қайталап айтамын: бұқаралық спортқа, балалар спортына барлық жағдайды жасау қажет. Облыс әкімдері спорт инфрақұрылымының кезең-кезеңімен құрылуын қамтамасыз етуі керек».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Еліміздегі спорт саласы қарқынды дамып келеді деп ауыз толтыра айтуға әбден болады. Спорттың қай түрінен болса да жерлестеріміз жеңіс тұғырына көтеріліп, байрағымызды биікте желбіретіп келеді. Жүлдесіз оралатындар некең-саяқ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған кезекті Жолдауларының бірінде спорттық



инфрақұрылымды кезең-кезеңімен салу арқылы бұқаралық және балалар спортымен айналысу үшін жағдай жасаудың маңызды екенін баса айтқан болатын. Ел басшысының бұл сөзі төрт аяғын тең басқан спорт саласының одан әрмен жандануына үлкен дем берді.

Ақтоғай ауданында да спорттың бұқаралығын арттыру мақсатында біршама ілкімді істер атқарылып жатыр. Дағдысынан жаңылмай жыл сайын өтетін Алаш арысы, жерлесіміз Ә.Бөкейхан, интернационалист-жауынгер С.Оразалин

Тартысты өткен доп бәсекесі

атындағы және аудандық «Ақтоғай ажары» газеті жүлдесі үшін тоспа доптан турнирлері, футбол, одан бөлек ұлттық ойындарымызды дәріптейтін аудандық біріншіліктер сөзіміздің жанды дәлелі. Сондай азаматын ардақтап, ұланын ұлықтаған бәсі биік бәсекенің бірі – жерлесіміз Төлегенов Еркебұлан Серікұлын еске түсіруге арналған дәстүрлі аяқ доп турнирі.

Үстіміздегі жылдың 3 маусым күні аудандық Жастар ресурстық орталығының мұрындық болуымен жерлесіміз әрі әйдік спортшы Еркебұлан Серікұлын еске алуға арналған футболдан аудандық турнир өтті. Алғашында аядай ауылда

Дүбірлі доданы аудан әкімінің орынбасары Абылай Аманжолов құттықтау сөзімен ашып, жарысқа қатысушы спортшыларға сәттілік тіледі.

– Спорт – ол Қазақстанның өзінің стратегиялық мақсаттарына жетудегі табысының ажырамас құрамдас бөлігі. Бүгінде дүние жүзі бойынша теңбіл доптың алатын орны ерекше. Ауданымызда спорттың қай түрі болмасын жақсы дамуда. Аудандық турнирлерден шыңдалып, шыныққан жастарымыз облыстық, республикалық дүбірлі додаларда топ жарып, жақсы жетістіктерге қол жеткізіп келеді», – деп, ауданның спорт саласындағы жеткен жетістіктеріне тоқталып өтті.

Сонымен қатар, ауданның балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің басшысы Серікбол Төкешов: – Өркениет өріне құлаш ұрып отырған елімізде салауатты

сайдың серке тасындай жігіттерден жасакталған командалар арасындағы теңбіл доп тартысы қызықты һәм тартымды болды. Ертеңнен кешке озған аяқдоп сайысы өте қызу тартысты өтті. Көз ілеспес жылдамдықпен ала допты ала қашып, қарсыласының қақпасынан саңылау іздеп, айла-әдіспен өз ұпайларын еселеп жатты. Алайда, шеберлігі асқан, айласы мен күші басым деген командалар өз-өзінен іріктеліп шыға берген. Жарыс барысында көз жеткізгеніміздей, болашағынан үміт күттіретін небір жас спортшылар бар екен. Әрине, доданың аты – дода, бірі жеңіп, бірі жеңілу – заңдылық. Сөйтіп, шыңдалған шеберліктері мен әдіс-айласының басымдылығымен Ақтоғай жастары командасы үстем түсіп, жеңіс тұғырынан көрінді. Екінші орын Ақтоғай құрама командасына бұйырды. Үшінші орынды шабанбайбилік аяқдопшылар



өмір салтын қалыптастыру – басты мәселе. Әрбір қазақстандық, осындай спорттың бұқаралығын насихаттайтын жарыстарға қатысу арқылы өздерінің денсаулықтарын шынықтырулары қажет, – деп аудан жастары арасында салауатты өмір салтын насихаттаудағы шараның маңыздылығына тоқталып өтті.

Хош, сонымен, соқыр жеребе тартылып, бас-аяғы 7 команда топқа бөлініп, өзара бәсекені бастап кеп жіберді. Бірынғай

иеленді. Турнирдің жеңімпаздары мен жүлдегер командалар арнайы дипломдар мен заттай бағалы сыйлықтармен марапатталды. Дәстүрлі турнирдің ашылу, жабылу салтанаттарына аудандық Жастармен жұмыс жасау орталығының директоры Шыңғыс Елеген, дең шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Айдос Кішкентаев қатысты.

Думан Амангелдіұлы.

Қызыларайда бәйге өтті дүбірлеген

«Сәйгүлікті күйрек-жалы таралған, Сүйетұғын қазақ осы, қарандар» деп ақын Қадыр Мырза Әлі бекер жырламаса керекті. Өзімізді «Жылқы мінездес халықпыз» деп әспеттеп жататынымыз және бар. Өмір сүру салты мындаған жылдар бойы аттың жалы, түйенің қомында қалыптасқан халық үшін бұлай болуы заңды да. Ауылдың қым-қуығ тірлігіне рең беретін, ара-тұра бір серпіліп тұратын дүниелер болады. Соның бірі – ат спортындағы түрлі деңгейдегі ат жарыстары. Яғни, аламан бәйге, құнан жарыс, тай жарыс, тоқ бәйге деген секілді дүниелер. Таяуда Қызыларай ауылында мектеп бітіруші түлек Жанарыс Ескелді және басқа да түлектердің күрметіне Аятбеков Ескелді әулеті ұйымдастырған ат бәйгесінің дүрмегі дүйім жұрттың делебесін қоздырды. Жарыстың бір ерекшелігі, бәйгеге тек қызыларайлықтардың сәйгүлігі қосылды.

21 шақырымға созылған аламанға жалпы 22 тұлпар қатысты. Арқа қоздырып,



алакан соқтырар аламанда төрт тұяғы жер тарпып, шанды көкке көтерген жүйріктер арасынан Дәуренбек Қасымбековтің «Бесқасқа» атты сәйгүлігі бірінші орынды жеңіп алды. Бекзат Әбеуовтің «Айкүреңі»

екінші орынды иеленсе, Данияр Еркебаевтың «Бекторысы» үшінші орынды қанжығалады. Сондай-ақ, Дәурен Қасымбековтің «Көктүйғыны» мен Ерлан Оспановтың «Көкмоншағы» төртінші,

бесінші орындарды өзара бөлісті. Ал, Тілеуберлі Шәкеновтің «Ақжалы» алтыншы орынды еншіледі.

Жеңімпаз бен жүлдегерлер ұйымдастырушылар тарапынан тай, өгіз бастаған бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Бәйгеге ат қосу, атбегілік – үлкен өнер десек, оның ішінде әрбір қазақтың айызын қандыратын аламан бәйге – қашаннан бергі қазақтың намысы мен жігерін қайрайтын ұлттық спорттың төресі. Алайда, осынау сайын далада ат үстінде сайын құрған қазақтың кейінгі ұрпағы ат жалын тартып мінер ме? Қаз мойын тарпаңға қызықпай, смартфонға телмірген өскелең ұрпақты көз көріп, құлақ шалып жүр. Сондықтан, түрлі мерекелерде төл спортымызға ден қойып, атқа міну мәдениетін дәріптесек, ұлттық құндылығымыз ұмыт қалмасы анық.

**А.Жолдыбай,
ҚарУ-дің студенті.**

Құттықтаймыз!



Құрметті Кәдірбекова Күміс Сейілханқызы!

Сізді бүгінгі келіп жеткен мерейлі 60 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Өміріңіз қашан да көктемдей жарқын әрі шуақты, жаздай жылы әрі жаймашуақ болсын. Бала-шаға, отбасыңыздың қуаныш-қызығын көре беріңіз. Осы қуанышты

сәтте сізге ұзақ өмір, зор денсаулық, баянды бақыт тілейміз. Ең бастысы, деніңіз сау болып, ошағына от жаққан, түтінін түтеткен шаңырағыңыздан шаттық, босаңғандық бақ кетпесін. Әрқашан жақсылықта ғана қауышып, аман-есен жүре беруге жазсын.

Асқарлы 60 жасың құтты болсын,
Қуаныш-қызық тойға үйің толсын.
Арманың ойда жүрген орындалып,
Құдайым бере берсін бар тілекті.

Тілек білдірушілер: ата-анасы – Сейілхан-Қарлыға және бауырлары.

Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті досымыз **Кәдірбекова Күміс Сейілханқызы!**

Адам өмірінің ең бір асыл кезі – 60 жасқа толған мерей-тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Осы қуанышты күні сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз артып, аңсаған армандарыңыздың орындалуына тілектеспіз. Бала-шағаңыздың қызығын қызықтап, немерелеріңіздің шат күлкісіне тоймай, арамызда аман-сау жүре беріңіз. Алланың берген жасын жасап, ортамызда күліп-ойнап, ыстық ықыласқа бөлене беріңіз.

Асыл тілек айтылады ақ ниетпен,
Бақытты күн көрінсін көкжиектен.
Қуаныш тойға ұлассын дей отырып,
Құттықтаймыз біз сізді шын жүректен!

Құттықтаушылар: Қайрат-Раушан, Асқар-Гүлнар, Коля-Зәмзагүл, Төлкү, Болат-Бақша, Мейрамгүл, Мейірқұл, Дана, Маржан, Тілекен-Гүлнар.



Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті әріптесіміз Кәдірбекова Күміс Сейілханқызы!

Сізді асқаралы 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасылық бақыт тілейміз. Алланың берген жасын отбасы, бала-шаға, немерелеріңіздің ортасында жақсылықпен жасап, әріптестеріңіздің ыстық ықыласына бөленіп, қуанышты да ұзақ ғұмыр сүре беруіңізге тілектеспіз.

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз,
Жүзге жетіп, баянды ғұмыр кешіп,
Арта берсін абырой-беделіңіз.

Ізгі тілекпен: Интернет ұжымы.

Құттықтаймыз!



Шабанбай би ауылының тұрғындары, ардақты құдамыз **Рыстафин Ерлік пен құдағиымыз Мая адам ғұмырының тал түсі дейтін 60 жастың белесіне**

шығып отыр. Өмірлеріңіздің әр күні қуанышпен өрнектеліп, абыройларыңыз артып, алғысқа бөлене беріңіздер. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз. Балаларыңыз бен немерелеріңіздің баянды қызығын, жеткен биігін көріп, көкейдегі асқақ армандарыңыз орындала берсін. Бақ-береке тілейміз ортаймайтын, Жайсаң көңіл шат көңіл қартаймайтын. Той-думан да бітпесін берекелі, Шаңырақтан еш уақыт арылмайтын.

Ақ тілекпен: құда-құдағиың – Қазыбек-Сәбила, балаларың – Ақжол-Назым, немерелерің – Аруна, құда балаларың.

Құттықтаймыз!

Құрметті Ақтоғай ауылының тұрғыны **Нұрғайын Аумағанқызы!**

Сізді 60 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Осынау айтулы күні өміріңізге барша жарық дүниенің шапағатын, зор денсаулық, ұзақ өмір, ұпақтарыңыздың қуанышы мен жақсылығын көріп, баянды ғұмыр кешуіңізге тілектеспіз. Үлкен бәйтеректей жапырағыңыз жайқала берсін, әр жылыңыз жақсылыққа толсын! Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған арманыңыздың асуларына жете беріңіз!

Ақ түйенің қарны бүгін жарылсын,
Туған-туыс үйге бүгін ағылсын.
Ақ ниетпен тілеген ақ тілектер,
Періштенің құлағына шалынсын.

Ізгі тілекпен: Боранбай-Айнұр, Бота-Перизат, Серғазы-Гүлден, Құтжан-Жамал, Азамат-Ақнұр, Гүлбахрам, Аманкүл



Сенім телефоны

«Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін **8 (71037) 2-10-44** нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Сенім телефоны

Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларды, сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысындағы талаптарды бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін **2-16-34** нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Жарамсыз деп танылсын

Қызыларай ауылдық округінің тұрғыны, «Саржал» шаруа қожалығының жетекшісі Жақсыбеков Ерқанат ЖСН 750214350095 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Миника 1102 Ф» маркалы, заводтық нөмірі 1351882, шыққан жылы 2003 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Қызыларай ауылдық округінің тұрғыны, «Олжас» шаруа қожалығының жетекшісі Бялов Сунгат ЖСН 750611350251 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 180 ФКЗ» маркалы, заводтық нөмірі 000010080317, шыққан жылы 2007 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Қызыларай ауылдық округінің тұрғыны, «Аружан» шаруа қожалығының жетекшісі Касымбекова Айнура ЖСН 850822451511 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 115 Ф» маркалы, заводтық нөмірі АА 00845357, шыққан жылы 2009 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Қызыларай ауылдық округінің тұрғыны, шаруа қожалығының жетекшісі Елеусизов Метай ЖСН 400320350109 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 115 Ф» маркалы, заводтық нөмірі АА 00839525, шыққан жылы 2009 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Нүркен ауылдық округінің тұрғыны, шаруа қожалығының жетекшісі Шоканов Муктарбек ЖСН 541004350101 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Миника 1102 ФКЗ» версия 02 КЗ маркалы, заводтық нөмірі 0032635, шыққан жылы 2013 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Қызыларай ауылдық округінің тұрғыны, «Думан» шаруа қожалығының жетекшісі Кошербаева Жақсыгүл ЖСН 700301400930 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Миника 1102 Ф» маркалы, заводтық нөмірі 1204722, шыққан жылы 2001 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Қараменде би ауылдық округінің тұрғыны, «Айдарлы» шаруа қожалығының жетекшісі Жанисбеков Манатбек ЖСН 660820350358 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 115 Ф» маркалы, заводтық нөмірі 00473510, шыққан жылы 2004 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Қызыларай ауылдық округінің тұрғыны, «Кенасу» шаруа қожалығының жетекшісі Бажикеева Баян Мухаметбекқызы ЖСН 520102450243 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 115 Ф» маркалы, заводтық нөмірі АА 004466760, шыққан жылы 2004 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Қызыларай ауылдық округінің тұрғыны, «Ермекбай» шаруа қожалығының жетекшісі Бакишев Мантай ЖСН 490825300510 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 115 ФКЗ» маркалы, заводтық нөмірі 000001334364, шыққан жылы 2015 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

31 наурыз 2023 жылы Маханов Мейрамбек Маратович қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ө.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады. Тел: 8 705 832 83 06.

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

